

дің мағынасына қарай жүйеленеді. Тақырыптық сөздіктерде сөздердің қолданылатын саласы, қарым-қатынас тақырыптары басты назарда болады. Идеографиялық оқу сөздіктерде тілдік материал ретінде белгілі бір тақырып айналасындағы сөйленістер мен мәтіндер алынады. Сөздер тақырып ортақтығына байланысты жүйелеу жолымен іріктеледі. Тақырыптық сөздіктерде түсіндірме сөздік материалдары қосымша көз, көмекші материал ретінде пайдаланылып, идеографиялық оқу сөздіктердің негізгі нысаны сөздердің тақырыптық бірлігі болып табылады. Сонымен қатар сөздікке енетін сөздерді жүйелегенде жанды зат есім атауларына **адам** мен **жануарлар** тобын енгізсек, жансыз зат атаулары мынадай тақырыптық топтарға жіктеледі: «Өсімдік», «Табиғат», «Отан», т.б. Аталған топтар одан әрі ұсақ топтарға жіктеледі. Идеографиялық оқу сөздіктерде тақырыптық топ – ең алдымен тілден тыс факторларды – тақырыптық лексика қолданылуының түрлі контекстерін сипаттайды. Сөздік түрі сөздердің сұрыпталуына байланысты. Идеографиялық оқу сөздіктерде енетін, іріктелетін сөздер қатарына бір мағыналы сөз, көп мағыналы сөздің лексика-семантикалық варианты, тұрақты сөз тіркесі, атауыш тіркес, еркін тіркестер қамтылуы мүмкін. Идеографиялық оқу сөздіктерінің тақырыптық микрожүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұялар да ескерілуі тиіс. Көпмағыналы сөздердің әрбір мағынасы түрлі тақырыптарда берілуі мүмкін. Идеографиялық сөздікте түрлі сөз табына жататын сөздер ортақ мағынасына сәйкес бір семантикалық өріске жинақталуы мүмкін. Идеографиялық оқу сөздіктер түзуде түсіндірме сөздіктерді пайдалана отырып, сөздерді алфавит тәртібімен орналастырумен қатар ішкі мағыналық байланыста беруге болады. Сондай-ақ белгілі бір семантикалық бірліктегі сөздерді жүйелі түрде шоғырландыру арқылы материалды іріктеуге болады. Мысалы: **Адамдар мамандығының аттары:**

Дихан
Егінші
Диірменші
Наубайшы
Қамбашы
Жүргізуші
Комбайыншы
Тракторшы
Агроном
Сатушы

Сөздің мағыналық құрылымын сипаттаудың түрлі тәсілдері бар. Идеографиялық сөздіктердегі мағынаның ашылуы тілдік материалдың ерекшелігіне және сөздіктің типіне, оның мақсат-міндеттеріне байланысты.

Сөзге берілетін анықтама мектепке дейінгі балаларға арналып жасалатын шағын сөздікшеде – бір түрлі болса, мектеп оқушыларына арналған сөздікте – екінші түрлі, ал жалпылама қолданымға арналып түзілетін үлкен сөздікте – үшінші түрлі болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Морковкин В.В. Учебный тематический словарь русского языка.
- 2 Денисов П.Н. Типология учебных словарей. В книге: Проблема учебных словарей. – Изд-во МГУ, 1977.
- 3 Байниязова Ж. Қазақ лексикографиясы: біртүрлі оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері.
- 4 Иісова Э.Ә. Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны.
- 5 Новиков Л.А. Учебная лексикография и ее задачи.

Резюме

В статье рассматривается роль идеографического словаря как одного из основных вспомогательных средств в углубленном профессиональном изучении языка.

Conclusion

Role idea graphic dictionary is considered in article as one of the main auxiliary facilities in deepened, professional study of the language.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТҮРКИЯҒА КӨШІП БАРУ СЕБЕПТЕРІ

Бекмурзина Ж.Т.

Қазақ халқы – Жұбан ақын жырлағандай «мың өліп, мың тірілген» халық. Сонау Азияның кіндігінде өмір сүріп отырған қазақтар не үшін, қалай және қашан Түркия еліне қоныс

аударды деген заңды сұрақтар туындайды. Түркияның Кония және Анкара уәлаяттарының шеткері аудандарында тек түр-түсі ғана емес, мінез-құлқы, әдет-ғұрыптары да қазаққа

ұқсас үйірлі ел бар. Олардың кейбір қарияларының айтуы бойынша, аталары XIX ғасырда Жем өзенінің бойынан келіпті. Олар өздерін татар деп атайды. Бірақ Түркиядағы өзге татарлардан басқаша және қазаққа үйлес жақтары көбірек. Қазақстанның Жем өзенінен кезінде Түркияға алғаш барған қазақтар болуы мүмкін деген деректер кездеседі [1].

Түркияға алғаш барған қазақтардың бірі ретінде, осы жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Стамбұлда «Жаңа Түркістан» журналын шығаруға қатысқан Мұстафа Шоқайұлын атауға болады. Қазақтың Мұстафасы да сол заманның саяси құрбаны болып, Түркия мемлекетіне қоныс аударып, 1939 жылы «Ататүріктің реформалары» атты мақаласында ұлтты құтқару және сыртқы жауды жеңу керек деген ұрандар тастаған болатын, сөйтіп осы реформаларына аса мұқияттылықпен зейін аударған бар-тын. Ондағы мақсаты жаңа Түркияның озық тәжірибесін болашақта өзінің ресейлік, аңғырақ айтқанда кеңестік Түркістанның қайта жаңғыру ісіне пайдалану, қажетіне жарау қамы еді [2].

Түркияға қазақ босқындарының көшіп баруына 2 себеп бар:

1. Сол кездегі саяси жағдай шырғалаңы.
2. Түркия елін Шығыс Түркістандық қазақтар екінші Отан етіп таңдауы.

Түркиядағы қазақтардың қалыптасу тарихы екі кезеңнен тұрады. Олардың алғашқысы бұл елге сонау 50-ші жылдардың басында Қытайдан Үндістан арқылы келген. Ал, екінші толқын – 30 жылдары Батыс және Оңтүстік Қазақстан өлкелерінен Ауғанстанға өтіп, одан 70 жылдардың ортасынан бастап Түркияға қоныс аударған ағайындар.

Өткен ғасырдың 1930 жылдарында Шығыс түркістандық қандастарымызға қайғының кара бұлты үйірілді. Оспан батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілістен кейін қазақтың бетке ұстар атқа мінерлері жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Шыңшысайдың қанды шеңгелінен қашып құтылуды ойлаған қандастарымыз топ-тобымен Гансу, Баркөл өлкелері арқылы Тибетке қоныс аударады. Алайда, Шыңшысай қызыл табан боп босқан қазақ ауылдарының соңынан қуып, ұшақпен бомбалап, сая таптырмайды. Шыңшысайдың хабар беруімен қазақ босқындарының алдынан Тибеттің қарулы әскері күтіп алады. Олардың осылайша екі өкпеден қысқан ажал оғынан аман қалған бір бөлігі Үндістан шекарасына келіп жығылады. Талай айдан бері сырғалаңға түсіп, өліммен

үрейден зәтте болған қазақтар үнді мұсылмандарының қолдауына ие болады. Өлкедегі мұсылмандар оларға қолдарынан келгенше көмегін жасады. Жандары енді сая тапқан босқындар жергілікті ыс ауруына шалдығып, қырыла бастайды. Міне, осылайша қиналған қазақтар Үндістан ағылшын билігінен азат етіліп, өзара екіге бөлінгеннен кейін мұсылман мемлекеті Пәкістанда 11-12 жылдай тірлік кешеді. Жергілікті елдің салт-дәстүрі, тілі, тұрмыс-тіршілігіне қанығады [3].

Алайда ұзын-саны 1400-ге жеткен бұл қазақтардың ендігі арманы ділі бір, дінгегі бір түркі тектес мемлекетке жетіп жығылу еді. Қайта қайтса Қытайдың құйтұрқы саясатының құрбаны болып кетерлік қауіп бар. Қазақстанда босқындарды туғаным деп бауырына баса қоятын хал жоқ. Ал Пәкістанда тұр беретін болса, енді бірнеше жылда қазақтың ұмытып кететін түрлері бар.

Осындай шарасыз күйде жүргендерінде Түркияның сол кездегі Президенті Джелал Баяр мен Премьер-Министрі Аднан Мендерестің үні жетеді. Ол кезде Түркиядағы түріктердің үлес салмағы басқа ұлт өкілдерінен әлдеқайда төмен еді. Ал түрік басшыларының мақсаты қандас ағайындарын жинап, оларға қамқорлық таныту, түріктердің үлес салмағын арттыру болатын. Осы оңтайлы сәтті пайдаланған біздің қандастарымыз Пәкістандағы Түркия елшілігімен жолығып, өз тілектерін білдіреді.

1952 жылдың 13 наурызында Түркияның Министрлер кабинеті өзінің №3/14595 шешімімен қазақ босқындарын түрік мемлекетіне қабылдайтынын мәлімдейді. Елдің президенті Джелал Баяр, үкімет басшысы Аднан Мендерес және 16 үкімет мүшелері қол қойған арнайы құжат қабылданады [3].

Осы жылдың 6-шы тамызында Түркия елшілігінен хат келеді. Онда Түркияға көшіп барғысы келетіндердің тізімін беру туралы айтылады. Сол жылдың қыркүйек айында Кашмирден шыққан қазақ босқындарның алғашқы тобы Стамбулға келіп жетті. Алтайдан басталып, Үндістан мен Пәкістан арқылы жүрген бұл көш 1956 жылы көктемде аяқталған еді. Тарихи отанынан күшпен ығыстырылған Алтай қазақтарының Түркия елін таңдап, үкіметіне өтініш жасауы, әрине, тектен-тек емес-тін. Мәселен, көшіп келіп, орналасуға келісім АҚШ тарапынан да түседі. Дегенмен, Үндістан мен Пәкістандағы қазақ босқында-

рының басшылары түбі бір туыс, діні мен ділі жақын Түркияға тоқтаған болатын [5].

Ғалым Халифа Алтай «Қазақстандықтар мұндайды тағдыр тауқыметі деп жүр, ал меніңше сол кездегі саяси жағдай шырғалаңы басты себепкер болған. Соның салдарынан Алтайдың күн бетіндегі он екі керейдің бірталайы 30-шы жылдарда үдере көшті. Бірнеше көш үздік-создық кетті. Біздің көш Хансу, Цинхай өлкесіне барып 1941 жылы Үндістанға жетті. Одан қырыла-қырыла үш мың адамнан бір мыңдайымыз қалып көше-көше жүріп, 1954 жылы Түркияға барып орналастық. Қандай жағдай болмасын қазақ деген ат жойылып кетпесе екен деп соны хан көтердік», – дейді [4].

Үндістаннан Бопалға барғанда аз уақыт қоныстанған лагердің атын «Қазақабд» деп қойыпты. Азып-тозып жүрсе де, қазақ атын қастерлеген.

Одан Пәкістанға барғанда қазақ босқындар қоғамын құрды. Осы күнде Түркияның бір шетінде «Қазақкент» қаласын мекен етіп отыр. Кентте Алтай, Баркөл, Ертіс, Бәйтік атты төрт көше бар.

1952 жылы Елісхан Тәйжі Әліпұлы, Құсман Тәйжі Зайыпұлы, Сұлтан Шәріп Зұқаұлы, Құсайын Тәйжі Төлеубайұлы, Қалибек Райымбекұлы, бастаған көш Түркияның Урфа провинциясының Жайранпина елдімекеніне қоныстанады. Түркия бұл көшті «искалла» ретінде, яғни квота түрінде қабылдап, ақшалай жәрдем етеді. Үндістан мен Пәкістаннан келген қазақтарға «еркін мигрант» статусын береді.

Түркия үкіметі қазақ босқындарына жаңа ортаға бейімделуге қажет көмегін аяған жоқ. Олар арнайы бөлінген қонақ үйлерге орналастырылып, ең қажет деген мұқтаждықтары қанағаттандырылды. Жер-сумен, үй-жаймен қамтамасыз етіп, тірлік қылып кетуіне мүмкіндік тудырады. Түрік тілін үйренуге және жаңа кәсіп игеруге мүмкіндік туғызатын оқу курстары ұйымдастырылды. Бір–екі жыл мерзім өткен соң әрбір отбасына өздері қалаған жерге барып орналасуына рұқсат берілді [3].

Әрине, жаңа ортаға келіп қоныстанушылардың басым бөлігіне ата кәсібі – мал өсірумен шұғылдану тиімді еді. Сондықтан да оларды Батыс Анадолыға орналастырды. Түркияға көшіп келуші еркін мигранттарға төлқұжат беріп, Түркия мемлекетінің №2 510 Көшіқон заңы бойынша еркін көшіп келген

мигрант үй салуға, жерді жалға алуға құқығы болды.

Олар әскери қызмет етуге 5 жылға босатылды. Босқындар Стамбул қаласындағы Түзле, Серкеджи, Зәйтүн деген лагерлерге жайғасты.

Қазақ халқы ежелден кең далада еркін өмір сүріп үйреніп қалған. Сонымен қатар мал шаруашылығы ата-баба кәсібі болып табылады. Қазақтардың осындай жағдайларын ескере отырып, Түркия үкіметі Маниса, Кония, Ақсарай, Қайсері және Нигде сияқты мал шаруашылығына қолайлы аймақтардан оларға арнайы жер бөліп, үй, қора-қопсы салып алуға көмек берді.

Түркияның мемлекеттік істер жөніндегі бақан-министрі Фатын Рүшті Зорлұ лагерді аралап көріп, бірқатар жағдаймен танысқаннан кейін лагердегі барлық қазақты үлкен бір залға жинады. Ол: «Түркия асқан бай ел емес. Түркияның сіздерге берері туысқандық мейірім. Сіздер Түркияға келген күніңізден бастап бес жыл салық төлемейтін боласыздар. Ел ішінде жүріп-тұру ісінде де, мемлекет иелігіндегі көліктер де сіздерге арнаулы арзан бағамен билет беріледі. Ауыл шаруашылығымен шұғылданамын деушілерге ауылдық жерлерден егістік жер беріледі. Ал сауда және қол өнер ісімен шұғылданамын деушілерге қалалық жерден тегін үй беріледі. Жұмыс істеймін дегендеріңізге мемлекет меншігіндегі фабрика-зауыттардан жұмыс беріледі [7].

Туысқандар! Бұл Отан, мына Түркия – бәріміздікі. Бұны барлық жаудан қорғау, өркендету-дамыту бүкіл түрік тектестердің борышы. Сіздер ата жұрттан қашқанда, Түркияға барамыз дедіңіздер. Құдай сақтасын! Түрік тектестердің енді Түркиядан басқа қашып барып, баспана сұрайтын елі жоқ. Түркия – әлемдегі барлық түрік тұқымды халықтардың қазіргі таңда, бірден-бір тәуелсіз мемлекеті.

Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып Түркия Республикасы таныды. Мұның өзі, Түркия қазақтарының қуанышын еселеп өсіріп жіберді. Тәуелсіздіктен бұрын Түркия қазақтарының атамекенмен байланыстары шектеулі болды. Өйткені, ол кезеңде, әлем батыс және шығыс блок болып екіге бөлініп, өзара салқын соғыс бүкіл ызғарымен жүріп жатқан-ды. Ал Қазақстан мен Түркия болса бір-біріне жау блоктар ішінде орын алып, бір-бірімен туыстық байланыс орната алмады. Қазақстан, Кеңестік социалистік республика ретінде Варшава, Түркия болса НАТО тобына

тәуелді еді. Осы екі топқа кірген әрбір ел, қарсы топқа жатқан елдің азаматтарына күдікпен қарауды әдетке айналдырды. Сол себепті, атамекендегі азаматтардың Түркиядағы қазақтармен байланысқа енуіне ыңғайлы жағдай болған жоқ. Қандай да бір мүмкіншілікті пайдаланып, екі ел арасында байланыс жасағандар тыңшылық әрекетте болғандар деп айыпталды. Сонымен қатар, Қазақстаннан Түркияға туристік сапармен аттанғандарға, ондағы қазақтарды капитализмнің қол жаулықтары ретінде қарап, өздеріне олардан әрқашан түрлі қастандық әрекеттер жасалады деп күдіктенді. Оларға, шетел қазақтарының алтындыларын дорбалап алып қашқан байлардың ұрпақтары екені айтылды.

Бүгінде кейде осы пропаганданың әсерімен шетел қазақтарына қашқын байлар көзімен қарағандар кездесуі, міне, осы жағдайдың салдары. Бұған ұқсас жағдай Түркияда да қалыптасты. Осылайша, түркиялық бір қазақтың атамекенмен байланысқа енгендеріне күдікпен қаралды. Оларға коммунист, кеңестік жансыз немесе сатқын деген айдар тағылды. Тіпті бұлар үшін заңдық тексерулер жүргізілгені де байқалды. Екі бауырлас ел болған Қазақстан мен Түркия арасындағы осынау орынсыз да негізсіз қиын-қыстау кезең, Кеңес Одағының күйреуі және Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жеткізуімен аяқталды [5].

Түркия қазақтарының өміріндегі ең маңызды оқиға 1991 жылғы 16 желтоқсанда орын алды. Сол күні Қазақстан өзінің бағымсыздығын, яғни тәуелсіздігін бүкіл әлемге жария еткені мәлім. Түркиялық қазақтар, жалпы қазақ тарихында зор маңызға ие осы оқиғаны жүрекжарды қуанышпен қарсы алды [6].

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан соң, шетелдердегі отандастармен 70 жылдай үзіліп қалған байланыстарын қайта қалпына келтіруге жол ашылды. Қазақстан мен Түркия қазақтары арасында 14 жылдық осы байланыстарға көз жүгірткенімізде, Қазақстанның Түркиядағы отандастарына ыстық ілтипат көрсетіп отырғандығын айта аламыз. Әсіресе, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Түркия қазақтарына ерекше назар аударып, көз қырын салып отырғандығын әрі сондағы қазақтарға, әрі түрік халқына орайы келген сайын көрсетіп берді.

Түркиядағы қазақтар қауымдастығының берген мәліметі бойынша, бүгінде Стамбұлдың Зейтінбұрны ауданында 13400-дей қазақ тұрса, Гүлеш ауданында 6000 қазақ мекендей-

ді екен. Сапагөй, Шекпенжер аудандарында – 1500-2000, Измирде 1000 қазақ тұрады екен. Жалпы, қауымдастықтың Түркияда 31500-32000 қазақ бар деп межелеп отырған жайы бар. Осы қазақтар өзге ұлттардың жетегінде кете ме, кетпей ме? Әрине бұл ойландыратын жайт. Ендеше Қазақстан мұндағы диаспора өкілдерін ұлтқа бөлмей, қазаққа тартып, қазақыландыра бастауы тиіс [7].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп отыр. Осыған байланысты халық санын көбейту мақсатында шетелдегі қандастарымызды елге қайтаруымыз қажет.

Оралмандар Ата жұртты аңсап, өз тарихи отанына ерінбей еңбек етуді мақсат тұтып, ұрпағының болашағын ойлап, сағынышпен оралғаннан кейін ортада көптеген проблемалар туындайды. Проблемалардың бірқатары: үкімет көмек ретінде берген қаражаттың жетіспеуі, коммуналдық қызметтің қымбаттығы, жұмысқа орналасудың қиындығы, қазақша сөйлей алса да жаза алмауы, орыс тілін білмеуі, елімізде бұрыннан қалыптасқан белгілі бір өмір сүру құлқына үйрене алмауы тағы басқалар.

Осы тұста, оралмандарға жергілікті әкімшілік, Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Көші-қон агенттігі және Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірлесіп, ең оңтайлы нұсқа ұсынып, қолайлы жағдай жасап, қолдарынан келгенше көмек көрсетсе деймін. Онсыз дамыған 50 ел түгілі, "мемлекет" атаулы санатқа кіруіміз неғайбыл.

Қазақстан мен Түркия қазақтары арасындағы байланыстардың ауқымы жеткілікті ме? – деген сұраққа келсек, әрине оған ауыз толтырып жауап беру үшін уақыт әлі ерте. Меніңше, осы байланыстардың көңіл қанағаттандыратын деңгейге көтерілуі үшін, көбінесе мәдени және әлеуметтік салаларда жасалған байланыстарға үшінші саланың да қосылуы шарт. Ол, атап айтқанда, экономикалық байланыстар. Әр нәрсенің басының экономикаға келіп тірелгенін ескерсек, осы үшінші салада да байланыстарды дамытқан жағдайда, Түркия қазақтары мен Қазақстан арасындағы байланыстардың ойдағыдай толыға түсері рас.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ диаспорасы бүгіні мен ертеңі. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

2 Қойгелді М. Сыны мен сыры үйлесімді Түркия // Егемен Қазақстан. – 2006. 4 қараша.

3 Мендикулова Г. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғалым, 1997.

4 Дәулетов Т. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі (20.11.1992–29.07.2002 жж.). – А., 2002. – 12 б.

5 Мамашев Т. Әлемде қанша қазақ бар? // Таңшолпан. – 2009. – № 5. – 120–162 б.

6 Найманбай К. Қазақ диаспорасы және қауымдастық // Егемен Қазақстан. – 2004 ж. 22 маусым. – 4 б.

7 Оралтай Х. Елім- айлап өткен өмір. – Алматы: Білім, 2005. – 500 б.

Резюме

В статье рассматриваются причины переселения казахов в Турцию, а именно раскрываются политические и экономические аспекты данной проблемы. Кроме того, автор показывает сложившиеся условия жизни казахов в Турции в рассматриваемый период.

Conclusion

The article considers the reasons for migration of Kazakhs Turkey, namely the expanded political and economic aspects of the problem. In addition, the author demonstrates current conditions of life of the Kazakhs in Turkey during the period.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Елкей Н.Н.

Қазақ тарихындағы **көшпенділер** өмірі мен тұрмысында **жылқының** алатын орны ерекше. Өз иесінің сенімді серігі ретінде – жылқы көптеген жүз жылдықтардың небір қилы ауыртпалығы мен қиындықтарын бастан кешіргендігі ақиқат. Осынау шексіз ұланғайыр кең жерді, Ұлы даланы аман сақтап қалды. Сондықтан шексіз кең жазиралы жерге ие болып қалу үшін ата-бабаларымызға тек ерлік пен шыдамдылық қана емес, сенімді әрі төзімді жылқының да керегі болды. Сол көшпенділер заманында жылқы малы қоғамымызда орасан зор рөл атқарды. Небір кескілескен шайқастарда қас батырларымыз – **Қобыландының Тайбұрылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Тарғынның текті Тарланы** сол кездері иесіне серік болып, тосыннан тиген жау тұзағына түсірмей құтқарғандығы ел есінде жаттаулы, тарих беттерінде жазулы. Алдарыңыздағы шағын мақаланың мақсаты дәстүрлі қазақтың жылқы шаруашылығына жалпы шолу жасау.

Қазақ халқының тарихы – жылқы тұяғы, ат жалында жасалған тарих. Көшпенділер жылқы арқылы әлемге танылды. Өз өркениетін қалыптастырды. Орта Азиядан шығып Еуропа, Египетке дейін барды. Жылқы – қоғамның қозғаушы күші болды. Атқа мінген адамның жүрісі озық, қолы ұзын. Ол кездердегі жылқысы бар елді – атам қаруы бар елмен бірдей деуге болатын еді. Біздің адамзат өркениетіне қосқан үлесіміз – жылқыны қолға

үйретуіміз, қуатты тамақ көзіне айналдырғанымыз еді [1, 6].

Ғалымдар археологиялық қазба жұмыстарында бес жарым мың жыл бұрын жылқының бірінші рет қазақ жерінде үй шаруашылығына бейімделгеніне дәлел тауып отыр. Бұған дейін халықаралық археологиялық қауымдастық бұл үдеріс бір мың жыл кейін басталған деп есептеп келген еді. Археологтар ұзақ уақыт бойы жалпы жылқылар алғаш рет үй шаруашылығына қола дәуірінде бейімделген дегенге сенімді болып келген.

Осы орайда жылқы қазақ даласына қалай келді, кімдер үйретті? – деген сұрақ тууы мүмкін. Оған жауап ретінде өткен ғасырдың 1980-ші жылдарында Көкшетау облысы, Ботай қонысына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде (б.з.д. IV мың жылдықтың аяғы – III мың жылдықтың бас кезінде) энеолит дәуірінде пайда болған ежелгі жылқышылар мекені әлемдік маңызы бар археологиялық нысан бола алады. Бұл жерден табылған орасан зор сүйектердің қолда ұсталған, әрі қолда үйретілген жылқылардікі екені анықталды. Мәселен, жабайы жылқылардың сүйектері табиғат апатынан немесе ауру мен жаппай індет шалған жылқы табындарынан өлгендерінің сүйектері шашылып, әр жерден біреуі, әрі кеткенде он шақтысы бір жерден табылатын мысалдар белгілі [2, 7]. Осы тұрғыдан алғанда Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы белгілі археолог В. Зайберт былай деп тұжы-